



**«Әжелер - көңілдің ажары  
Немере - өмірдің базары»**

# Байқауды өткізу тәртібі

## I КЕЗЕҢ СЫРТТАЙ КЕЗЕҢ

« Шаңырағым- шаттығым» фото альбом (Қатысушылар туралы түйіндеме.Әже өмірбаяны. Жанұя туралы суреттер.

Бос уақытында айналысатын сүйікті ермегі т.б сурет)

**Знаурызға дейін**





# II кезең



**I кезең**

**“Өзін – өзі  
таныстыру”**







## II кезең

# «Көтерейік көңілді ән- жырменен»




(өнер сайысы қазақша ән не есе бұл)



# III кезең

## «Шебердің қолы ортақ»

(дайын қолөнер бұйымдарды көрсету Әжелер де, немерелері де қол шеберліктерін ортаға салады.)








# **IV кезең**

## **«Халық тәлімі- тәрбие бастауы»**

**Әжелер мақал-мәтелдер айтады-1  
мин,**

**немересі тиым сөздер айтады-1 мин**








# Адамгершілік туралы




# Дос туралы






# Білім туралы






# Тіл туралы




# Отан туралы





# Еңбек туралы





# V КЕЗЕҢ

## «ҚОНАҚ ЖАЙЛЫҚ-АТА ДӘСТҮРІМІЗ»

Ұлттық тағам түрлері. Алдын ала қазақтың  
ұлттық тағамын жасап әкелу және оның  
жасалу жолымен таныстыру

# VI КЕЗЕҢ












## «Сыр сандық»

Әжелерге – салт - дәстүрлерге байланысты  
сұрақтар ,немереге түрлі сұрақтар.




# Әжелерге сұрақтар






# Бәсіре деген не?

Бала туған кезде немесе есі кіріп, оң – солын таныған соң, «сүндет тойына» немесе мектепте барғанда атасы немесе өз әке – шешесі оған тай атайды. Оны «бәсіре» тай дейді



# Түйемұрындық деген не?


Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.






# Өңір салу деген не?

Өңір салу-кей жерлерде «үй көрсету» немесе «есік ашар» деп аталады. Ниеттері келінге шашу шашып, құтты болсын айту. Шашудың сыртында өңір әкеледі. Өңір киім, бұйым деп ең құрығанда терме бау немесе жас төсекті басқалар басынбасын деп бүркіт тұяғы, үкі сықылдылар іледі.




# Итаяғына салу деген не?

Итаяғына салу (дәстүр, ырым). Жас келіншек бір ауылға қыдырып барғанда, не есік көруге шақырғанда әйелдер не үлкен әжелер оған «итаяғына» сал деп сақина, күміс, жүзік сияқты заттар береді. «Итаяғына салу» деген келіншек босанып баланы шаранасынан жуатын суға яғни «шілде суына» әлгіндей күміс жүзік, сақина, күміс түйме сияқты заттарды ыдысқа салып жіберіп, нәрестені жуады.




# Атбайлар деген не?

Атбайлар (салт). Құда құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі. Ол кәдеден тағы бір әйел тәбәрік сұрайды.



# Өлі тірі деген не?


"Өлі тірі" (дәтүр). Екі жақ келісімі нығайған соң күйеу жағынан құдаларына бір білікті адамды бас етіп «өлі тірі» яғни кәделі мал жылқы жіберіледі. «Өлі тірі» деген өлі мен тірі арасында адалмыз, құдай қосқан құдалығымыз ақиқат» деген ұлттық ұлағатты ұғымды білдіреді.






# Қыз көші деген не?

Қыз көші (салт). Құда аттандырар кәдесі жасалғаннан кейін ұзатылған қыз шешесі, жеңгесі, жас іні, сіңлілермен бірге көлікке отырып жолға шығады. Қыз артта қалғандарға қарамауы керек. Құдалар алға түседі. Одан кейін шаңырақ түйе (қыз көші) жүреді. Тойшы жігіттер көш соңынан әсем киініп ән-күймен ереді. Былайша айтқанда көште ерекше салтанатты жарасымдылық болады. Қыз ауылынан бір көш жер шыққанша мұны «қыз көші» деп атайды. Одан әрі асқаннан кейін «келіншек көші» дейді. Келіншек көшінің келе жатқанын білетін жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары «келіншек көшін» тоқтатып «түйемұрындық» алып, батасын беріп, «жол болсын» айтып шығарып салады.




# Жарысқазан деген не?

Жарысқазан (ырым). Әйелдер босанар сәтте басқа әйелдер қазанға жеңіл желпі тамақ істеп оны босанатын әйелден бұрын пісірмек болып «жарысады». Халық ұғымы бойынша туатын бала «жарысқазанға» қатысып, одан бұрын өмірге келуге тырысады деп түсінген.




# Мизам деген қандай той?

Мизам (Сабан той) .Күз айында  
диқандар мен бағбандардың құрметіне  
арналған той. Бұл тойда түрлі  
жарыстар мен ойын – сауықтар  
өткізілді.



# Қоржын сөгу деген не?


Қоржын сөгу –Бұған әйелдер жиналады. Қоржынның аузына салынған бір киімдік бұл (мата) қоржын сөккен адамның сыбағасы. Оның соң жағалы киімдері – қыздың әке-шешесіне, туған-туысқанына тартылады. Тағамды жиылған жұрт жейді, бір табаққа салып, шатыр байғазысы болып жатқан жердегілерге де апарылады. Некесі оқылғанға дейін барар жерінің асынан ауыз тимейтін келінге бұл жолы рұқсат.






# Босаға майлау деген не?

Босаға майлау – жастар жеке отау құрғанда немесе біреу жаңа үй алғанда жақын – жуықтары келіп, жаңа үйдің босағасына май жағады, көптің үйі болсын деген ұғымды білдіреді. Босаға майлаған адамға кәде берілуі керек



# Мүше салу деген не?

Ойын тойда, мерекеде жас жігіттер атпен келіп мүше сұрайды. Жеңгелері оған орамал, сақина айна т.б. мүше береді. Жігіт оны ала қашады. Басқа жігіттер оны қуып алып қалуға тырысады. Қашқан жігіт мүшені өзі ұнатқан қызға апарып береді.
















# Немерелерге сұрақтар








**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі  
қай жылы жарияланды?**

**1991 жылы, 16 желтоқсан.**




# Әнұранның авторлары кім?

**Сөзін жазғандар:**

**Жүмекен Нәжімеденов,  
Нұрсұлтан Назарбаев.**

**Музыкасын жазған:**


**Шәмші Қалдаяқов.**






**Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік елтаңбаның авторлары?**

**Жандарбек Мәлібеков  
Шота Уәлиханов.**




**Алғашқы қазақ  
ғарышкері кім?**

**Тоқтар Әубәкіров**




**Қазақстанда неше  
облыс бар?**

**14 облыс**



**Қазақтың бас ақыны  
кім?**


**Абай Құнанбаев**






**Ең алғаш мектеп  
ашқан кім?**

**Ыбырай Алтынсарин**




**Қазақ алфавитінде  
неше әріп бар?**

**42 әріп.**




# Төл теңгеміз қашан айналымға енді?

1993 жыл, 15 қараша.



**Ұлы Отан соғысы қай  
жылдар аралығында болды?**


**1941-1945 жылдар**






# Қазақ хандығын құрған хандар?

## Керей мен Жәнібек хан



**100 жасаған ақын кім?**

**Жамбыл Жабаев**





*VII бөлім*



**Қорытынды**

